## Қазақстан Республикасы Қорғаныс миистрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 869 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 6 қазанда № 30056 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14881 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларында:

11-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жеті жұмыс күні ішінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына немесе әскери есепке алуды жүзеге асыратын өзге де органға тегінің, атының, әкесінің атының (ол бар болған кезде), отбасы жағдайының, денсаулық жағдайының (бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адам деп танылса), тұратын жерінің, білімінің, жұмыс орны мен лауазымының өзгергені туралы хабарлауы;";

84-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"84. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш жасаған кезде құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беріледі немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі аяқталған құжаттарды ұсынған жағдайда осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну ерекшеліктерін ескере отырып, қызмет көрсету процесінің сипатынан, нысанынан, мазмұны мен нәтижесінен, сондай-ақ өзге де мәліметтерден тұратын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі мынадай мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі нысанында жазылған:

әскерге шақырылушыларға әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу туралы куәліктер және куәліктердің телнұсқаларын беру осы Қағидаларға 31-қосымшада;

запастағы офицерлерге, сержанттарға, сарбаздарға әскери билеттер (әскери билеттердің орнына уақытша куәліктер) немесе олардың телнұсқаларын беру осы Қағидаларға 32-қосымшада;

әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою және одан шығару осы Қағидаларға 33-қосымшада;

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін шығатын азаматтарға анықтамалар беру осы Қағидаларға 35-қосымшада;

әскери қызмет өткеруді растау туралы мәліметтерді беру осы Қағидаларға 36-қосымшада.";

87, 88 және 89-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"87. "Әскерге шақырылушыларға әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу туралы куәліктер және куәліктердің телнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Орындаушының құжаттар топтамасының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін қарауы, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін басшыға қол қойғызуға дайындауы 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі тіркеу туралы куәлік беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту:

көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс болмауы анықталған;

көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) ұсынылған материалдар, мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтер осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

шақыру комиссиясының хаттамалары кітабында жазба болмаған,оған он жеті жас толған жылы қаңтар – наурызда әскерге шақыру учаскесіне тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушы алғаш рет өтініш жасаған кезде.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы сондай-ақ алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдау өткізу уақыты мен орнын ( тәсілін) хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш жұмыс күнінен кешіктірмей алдын ала жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Порталға өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу орны туралы ақпарат жолдайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады (порталға өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті алушы таңдаған Мемлекеттік корпорация филиалы арқылы).

88. "Запастағы офицерлерге, сержанттарға, сарбаздарға әскери билеттер (әскери билеттердің орнына уақытша куәліктер) немесе олардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада – 7 (жеті) жұмыс күнін;

аудандарда – 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Орындаушының құжаттар топтамасының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін қарауы, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін басшыға қол қойғызуға дайындауы мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 2 (екі) жұмыс күні бұрын жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі запастағы офицерлерге, сержанттарға, сарбаздарға әскери билеттер (әскери билеттердің орнына уақытша куәліктер) немесе олардың телнұсқаларын беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту:

көрсетілетінқызметтіалушымемлекеттіккөрсетілетінқызметтіалуүшінұсынғанқұжаттардың (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс болмауы анықталған;

көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) ұсынылған материалдар, мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтер осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, 27 жасқа толмаған, денсаулық жағдайы бойынша әскери міндеттілердің әскери есебіне беруге жататын, 27 жасқа толған, әскерге шақыруды кейінге қалдыруға байланысты әскери қызмет өткермеген, туыстарының бірі (әкесі, анасы, аға-інісі немесе әпке-қарындасы) әскери қызмет өткеру кезеңінде қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан, қайтыс болған немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адам болып қалған, ғылыми дәрежесі

бар, тіркелген діни бірлестіктерде дін қызметшісі болып табылатын азаматтар санаттары үшін әскерге шақыру комиссиясының хаттамалары кітабында жазба болмаған.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдау өткізу уақыты мен орнын (тәсілін) хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама алдын ала мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Порталға өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу орны туралы ақпаратты жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру Мемлекеттік корпорация арқылы ( порталға өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті алушы таңдаған Мемлекеттік корпорация филиалы арқылы) жүзеге асырылады.

89. "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою және одан шығару" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар:

1) әскери есепке қою үшін:

осы Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді (әскерге шақырылушылар қатарындағы азаматтар үшін);

осы Қағидаларға 40-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді (офицерлер, сержанттар, сарбаздар қатарындағы азаматтар үшін);

2) әскери есептен шығару үшін осы Қағидаларға 41-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 4 (төрт) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Орындаушының құжаттар топтамасының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін қарауы, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін басшыға қол қойғызуға дайындауы 2 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі осы Қағидаларға 43 және 44-қосымшаларға сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларға әскери есепке қою және одан шығару туралы хабарлама немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту:

көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс болмауы анықталған;

көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы сондай-ақ алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдау өткізу уақыты мен орнын ( тәсілін) хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш жұмыс күнінен кешіктірмей алдын ала жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады .";

Қағидаларға 6, 30, 31, 32, 33, 35 және 36-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Әскерге шақыруды кейінге қалдыру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын және "Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 605 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21613 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Әскерге шақыруды кейінге қалдыру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Құжаттарды портал арқылы берген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішке мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелері тіркеледі.

6. Қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де мәліметтер осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың нысанында келтірілген.";

Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 8 және 9-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Құжаттарды портал арқылы берген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішке мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелері тіркеледі.

6. Қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де мәліметтер осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың нысанында келтірілген.";

Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі* | *Р. Жаксылыков* |

**"КЕЛІСІЛДІ"**
**Қазақстан Республикасының**
**Бас прокуратурасы**

**"КЕЛІСІЛДІ"**
**Қазақстан Республикасының**
**Цифрлық даму, қорғаныс және**
**аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі**

**"КЕЛІСІЛДІ"**
**Қазақстан Республикасының**
**Ғылым және жоғары білім министрлігі**

**"КЕЛІСІЛДІ"**

**Қазақстан Республикасының**
**Денсаулық сақтау министрлігі**
**"КЕЛІСІЛДІ"**
**Қазақстан Республикасының**
**Еңбек және халықты әлеуметтік**
**қорғау министрлігі**
**"КЕЛІСІЛДІ"**
**Қазақстан Республикасының**
**Ішкі істер министрлігі**
**"КЕЛІСІЛДІ"**
**Қазақстан Республикасының**
**Қаржы министрлігі**
**"КЕЛІСІЛДІ"**
**Қазақстан Республикасының**
**Мемлекеттік күзет қызметі**
**"КЕЛІСІЛДІ"**
**Қазақстан Республикасының**
**Сыбайласжемқорлыққақарсы**
**іс-қимылагенттігі (Сыбайлас**
**жемқорлыққақарсы қызмет)**
**"КЕЛІСІЛДІ"**
**Қазақстан Республикасының**
**Сыртқы істер министрлігі**
**"КЕЛІСІЛДІ"**
**Қазақстан Республикасының**
**Ұлттық қауіпсіздік комитеті**
**"КЕЛІСІЛДІ"**
**Қазақстан Республикасының**
**Ұлттық экономика министрлігі**

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2022 жылғы 3 қазандағы
№ 869 бұйрығына
1-қосымша
Әскери міндеттілер мен әскерге
шақырылушыларды әскери
есепке алу қағидаларына
6-қосымша

| | |
|---|---|
| ҚІД командасы<br>№ ________ | Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрі (әскер тегі) ____________ |
| Қазақстан Республикасы | |

Қорғаныс министрлігінің командасы
№ _________

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ Есептік-әліпбилік кітап бойынша реттік нөмірі ____________ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ІСІ**

___________________________________________________________________________

(тегі, аты,

___________________________________________________________________________

әкесінің аты (ол бар болған кезде)

____________________________________________ жылы "_____"________________ туған

(күні және айы)

Білімі ______________________________________________________________________

Ұлты (қалауы бойынша көрсетілсін) _____________________________________________

Азаматтық мамандығы ________________________________________________________

Әскери даярлығы ____________________________________________________________

Спорттық разряды ____________________________________________________________

Кейінге қалдыру _____________________________________________________________

Сотталғандығы _______________________________________________________________

_____________________ облысы _______________ ауданының қорғаныс істері жөніндегі басқармасының (бөлімінің) бастығы

**Мұқабаның екінші беті Фотосуреттерге арналған конверт үшін орын Жеке істе болатын құжаттардың ТІЗІМДЕМЕСІ**

1. Әскерге шақырылушының есепке алу картасы.
2. Әскерге шақырылушының туу туралы куәлігінің көшірмесі.
3. Төлқұжат, жеке куәліктің көшірмесі.
4. Неке туралы куәліктің көшірмесі.
5. Балаларының тууы туралы куәліктерінің көшірмесі.
6. Білімі туралы құжаттың көшірмесі.

7. Жұмыс немесе оқу орнынан анықтама.
8. Жұмыс немесе оқу орнынан мінездеме.
9. Әскерге шақырылушыны зерделеу парағы.
10. Ата-аналарымен немесе оның заңды өкілдерімен әңгімелесу парағы.
11. Кеуде қуысы органдарын рентгенологиялық зерттеу туралы анықтама.
12. Денсаулық жағдайы туралы құжаттар.
13. "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2020 жылғы 18 мамырдағы № 64 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тізілімінде № 20674 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтің болуы немесе болмауы туралы анықтама.
14. Сот органдарынан қылмыстық жауаптылыққа тартылуы туралы ақпарат.
15. АХАТ органдарынан тегін, атын, әкесінің атын ауыстырғаны, туған күні бойынша өзгерістер, қайтыс болуы туралы хабарламалар.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2022 жылғы "____" ________
№_____ бұйрығына
2-қосымша

Әскери міндеттілер мен әскерге
шақырылушыларды әскери
есепке алу қағидаларына
30-қосымша

Нысан

Тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болған кезде)
_____________________
(көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

**Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы филиалының №____ бөлімі ( мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесімен көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсетуге _________________________ _____________________

_____________________________________________________________________________

(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын тізбесіге сәйкес көрсету)
құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:
Жоқ құжаттардың атауы:
1)_______________________________________________;
2)_______________________________________________;
Осы қолхат әрбір тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.
________________________________________________ ______________
(Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің (қолы)
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)
Орындаушы: тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде) ________________
Телефоны___________
Алдым:
________________________________________________ ______________
Көрсетілетін қызметті алушының (қолы)
тегі, аты,әкесінің аты (ол бар болған кезде)
20___ жылғы "___"____________

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2022 жылғы "____" ________
№_____ бұйрығына
3-қосымша
Әскери міндеттілер мен әскерге
шақырылушыларды әскери
есепке алу қағидаларына
31-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы "Әскерге шақырылушыларға әскерге шақыру учаскелеріне тіркеу туралы куәліктер және куәліктердің телнұсқаларын беру"<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:<br>1) он жеті жасқа толған жылы қаңтар – наурызда тіркеуден өтпеген көрсетілетін қызметті алушы алғаш рет өтініш жасаған кезде;<br>2) тіркеу туралы куәлікті жоғалтқан кезде;<br>3) тіркеу туралы куәлік бүлінген кезде;<br>4) тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен кезде. | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің жергілікті әскери басқару органдары |
| | | Өтінішті қабылдау:<br>1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | 2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру "Мемлекеттік корпорация" арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 5 (бес) жұмыс күні.<br>Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш жасаған кезде:<br>құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.<br>Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және ( немесе) қағазда. |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Тіркеу туралы куәлік не осы Тізбесінің 9-бөлімінде көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағазда. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызмет алушыдан алынатын төлем көлемі және ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| | | 1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін;<br>2) Мемлекеттік корпорацияның – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден сенбіге дейінгіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі асқа үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының тұрақты тіркелу орны бойынша жедел қызмет көрсетусіз "электрондық кезек" тәртібінде жүзеге асырылады, сондай-ақ электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады;<br>3) порталдың – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде өтінішті қабылдаған күн келесі жұмыс күні болып табылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.mod.gov.kz;<br>2) Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурстарында;<br>3) www.egov.kz порталында орналастырылған. |
| | | 1. Мемлекеттік корпорацияға:<br>1) он жеті жасқа толған жылы қаңтар – наурызда тіркеуден өтпеген көрсетілетін қызметті алушы алғаш рет өтініш жасаған кезде:<br>әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлікті және куәліктің телнұсқаларын беруге өтініш;<br>жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты ( сәйкестендіру үшін);<br>білімі туралы құжаттың көшірмесі (бар болған кезде);<br>аудандық (қалалық) әскерге шақыру комиссиясының хаттамалары кітабынан үзінді ( көрсетілетін қызметті алушы әскери есепте тұрған ЖӘБО-дан алады);<br>көлемі 30х40 мм екі фотосурет ( фотосуреттер өтініш иесінің жасына сәйкес болуға және қатаң |

| | | |
|---|---|---|
| | | түрде жарық жерде алдынан түсірілген, беті фотосуреттің жалпы ауданының шамамен 70%-ін алатындай жасалуға тиіс);<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын, туу туралы, некеге тұру туралы, балаларының туу туралы, тұрғылықты жері немесе уақытша келген орны бойынша тіркелуі туралы құжаттар туралы мәліметтерді Мемлекеттік к о р п о р а ц и я жұмыскері"электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады;<br>2) тіркеу туралы куәлікті жоғалтқан кезде:<br>әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлікті және куәліктің телнұсқаларын беруге өтініш;<br>жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты ( сәйкестендіру үшін);<br>көлемі 30х40 мм екі фотосурет ( фотосуреттер өтініш иесінің жасына сәйкес болуға және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген, беті фотосуреттің жалпы ауданының шамамен 70%-ін алатындай жасалуға тиіс);<br>"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 649-бабында көзделген әскери есепке алу құжатын қасақана бүлдіргені немесе жоғалтқаны үшін әкімшілік жазаны қолдану туралы қаулының көшірмесі немесе бүлдіру немесе жоғалту фактісі көрсетілетін қызметті алушыға байланысты емес мән-жайларда болғанын растайтын уәкілетті мемлекеттік органнан анықтама (көрсетілетін қызметті алушы қоса береді);<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті Мемлекеттік корпорация жұмыскері " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) тіркеу туралы куәлік бүлінген кезде:<br>әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлікті және куәліктің телнұсқаларын беруге өтініш;<br>жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты (сәйкестендіру үшін);<br>әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы (бүлінген кезде);<br>көлемі 30х40 мм екі фотосурет (фотосуреттер өтініш иесінің жасына сәйкес болуға және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген, беті фотосуреттің жалпы ауданының шамамен 70%-ін алатындай жасалуға тиіс);<br>"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 649-бабында көзделген әскери есепке алу құжатын қасақана бүлдіргені немесе жоғалтқаны үшін әкімшілік жазаны қолдану туралы қаулының көшірмесі немесе бүлдіру немесе жоғалту фактісі көрсетілетін қызметті алушыға байланысты емес мән-жайларда болғанын растайтын уәкілетті мемлекеттік органнан анықтама (көрсетілетін қызметті алушы қоса береді);<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті Мемлекеттік корпорация жұмыскері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады;<br>4) тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен кезде:<br>әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлікті және куәліктің телнұсқаларын беруге өтініш;<br>жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты (сәйкестендіру үшін);<br>қолындағы әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы; | |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | көлемі 30x40 мм екі фотосурет (фотосуреттер өтініш иесінің жасына сәйкес болуға және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген, беті фотосуреттің жалпы ауданының шамамен 70%-ін алатындай жасалуға тиіс).<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті Мемлекеттік корпорация жұмыскері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.<br>2. Порталға:<br>1) он жеті жасқа толған жылы қаңтар – наурызда тіркеуден өтпеген көрсетілетін қызметті алушы алғаш рет өтініш жасаған кезде:<br>көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлік және куәліктің телнұсқаларын беруге өтініш;<br>білімі туралы құжаттың электрондық көшірмесі (бар болған кезде), оны көрсетілетін қызметті алушы өтінішке тіркейді.<br>Аудандық (қалалық) әскерге шақыру комиссиясының хаттамалары кітабынан үзінді (көрсетілетін қызметті беруші қоса береді).<br>"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 647-бабында көзделген азаматтардың әскери есепке алу жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының көшірмесі (көрсетілетін қызметті беруші қоса береді).<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын, туу туралы, некеге тұру туралы, балаларының туу туралы, тұрғылықты жері немесе уақытша келген орны бойынша тіркелуі туралы құжаттар туралы |

| | | |
|---|---|---|
| | | мәліметтерді, көлемі 30х40 мм графикалық файл түрінде екі цифрлық фотосуретті көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады;<br>2) тіркеу туралы куәлікті жоғалтқан кезде көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлік және куәліктің телнұсқаларын беруге өтініш толтырылады.<br>"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 649-бабында көзделген әскери есепке алу құжатын қасақана бүлдіргені немесе жоғалтқаны үшін әкімшілік жазаны қолдану туралы қаулының көшірмесі немесе бүлдіру немесе жоғалту фактісі көрсетілетін қызметті алушыға байланысты емес мән-жайларда болғанын растайтын уәкілетті мемлекеттік органнан анықтама (көрсетілетін қызметті алушы қоса береді);<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті, көлемі 30х40 мм графикалық файл түрінде цифрлық фотосуретті көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады;<br>3) тіркеу туралы куәлік бүлінген кезде:<br>көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлік және куәліктің телнұсқаларын беруге өтініш;<br>әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәліктің электрондық көшірмесі, оны көрсетілетін қызметті алушы өтінішке тіркейді (көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет |

| | | |
|---|---|---|
| | | нәтижесін алуға келген кезде әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасын Мемлекеттік корпорацияға тапсыруға тиіс).<br>"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 649-бабында көзделген әскери есепке алу құжатын қасақана бүлдіргені немесе жоғалтқаны үшін әкімшілік жазаны қолдану туралы қаулының көшірмесі немесе бүлдіру немесе жоғалту фактісі көрсетілетін қызметті алушыға байланысты емес мән-жайларда болғанын растайтын уәкілетті мемлекеттік органнан анықтама (көрсетілетін қызметті алушы қоса береді);<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті, көлемі 30х40 мм графикалық файл түрінде цифрлық фотосуретті көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады;<br>4) тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен кезде:<br>көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бір реттік парольмен расталған электрондық құжат нысанында әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлікті және куәліктердің телнұсқаларын беруге өтініш;<br>әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәліктің электрондық көшірмесі, оны көрсетілетін қызметті алушы өтінішке тіркейді (көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алуға келген кезде әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәліктің тұпнұсқасын Мемлекеттік корпорацияға тапсыруға тиіс).<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті, көлемі 30х40 мм графикалық файл түрінде цифрлық фотосуретті көрсетілетін қызметті беруші "электрондық |

| | | |
|---|---|---|
| | | үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз | 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс болмауы анықталған;<br>2) көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) ұсынылған материалдар, мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтер осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;<br>3) шақыру комиссиясының хаттамалары кітабында жазба болмаған,оған он жеті жас толған жылы қаңтар – наурызда әскерге шақыру учаскесіне тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушы алғаш рет өтініш жасаған кезде. |
| 10 | Мемлекеттік оның ішінде электрондық нұсқада және Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар | Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада тіркелген пайдаланушылар үшін қолжетімді.<br>Цифрлық құжатты алу үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалану арқылы мобильді қосымшада тіркеуден өту, әрі қарай "Цифрлық құжаттар " бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.<br>Тіршілік әрекетін шектейтін организм қызметінің тұрақты бұзылуымен денсаулығы нашарлаған көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды қажет болған жағдайда Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы өтініш жасау жолымен тұрғылықты жеріне барумен Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері жүргізеді.<br>Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қолжетімділік режимінде көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, Бірыңғай байланыс орталығының |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ бар болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда ала алады.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.mod.gov.kz интернет-ресурсында, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында орналастырылған.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы алуға болады. |

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2021 жылғы "____" ________
№_____ бұйрығына
4-қосымша

Әскери міндеттілер мен әскерге
шақырылушыларды әскери
есепке алу қағидаларына
32-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| |
|---|
| Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы "Запастағы офицерлерге, сержанттарға, сарбаздарға әскери билеттер (әскери билеттердің орнына уақытша куәліктер) немесе олардың телнұсқаларын беру"<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:<br>1) жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша дайындықтан өткен азаматтар үшін;<br>2) офицерлер құрамы қатарынан әскери қызметтен запасқа шығарылғандар;<br>3) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар;<br>4) басқа мемлекеттерден Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келгендер;<br>5) ескі үлгідегі әскери билетті жаңасына ауыстырған кезде;<br>6) әскери билетті жоғалтқан кезде;<br>7) әскери билет бүлінген кезде;<br>8) тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен кезде;<br>9) офицерлер құрамының әскери атағы қалпына келтірілгендер;<br>10) денсаулық жағдайы бойынша әскери есепке берілуге жататын 27 жасқа толмаған әскери міндеттілер;<br>11) әскерге шақыру кейінге қалдырылуына (босатылуына) байланысты әскери қызмет өткермеген 27 жасқа толғандар; |

12) бұдан бұрын әскери есепте тұрмаған және әскерге шақыру учаскесіне тіркеуден өтпегендер қатарынан әскери қызмет өткермеген 27 жасқа толғандар;

13) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарынан, Мемлекеттік күзет қызметінен және құқық қорғау органдарынан запасқа шығарылған азаматтар үшін;

14) денсаулық сақтау саласында білім беру ұйымдарын бітіргеннен әскери-есептік мамандықтар алған әйелдер;

15) әскери-техникалық және басқа да мамандықтар бойынша даярлықтан өткен азаматтар;

16) туыстарының бірі (әкесі, анасы, аға-інілері немесе әпке-сіңлілері) әскери қызмет өткеру кезеңінде қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан, қайтыс болған немесе бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адам болып қалған әскерге шақыру жасындағы азаматтар;

17) ғылыми дәрежесі барлар;

18) тіркелген діни бірлестіктердің дін қызметкерлері;

19) келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеру үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне әскерге шақырылған әйелдер.

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жергілікті әскери басқару органдары |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | Өтінішті қабылдау:<br>1)"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);<br>2)www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру "Мемлекеттік корпорация" арқылы жүзеге асырылады. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада – 7 (жеті) жұмыс күні;<br>аудандарда – 5 (бес) жұмыс күні.<br>Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш жасаған кезде:<br>құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.<br>Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және ( немесе) қағазда. |
| | | Запастағы офицерлерге, сержанттарға, сарбаздарға әскери билеттер (әскери билеттердің орнына уақытша куәліктер) және |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | олардың телнұсқаларын (бұдан әрі – әскери билет) беру не осы Тізбесінің 9-бөлімінде көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағазда. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызмет алушыдан алынатын төлем көлемі және ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат13.00-ден 14.00-ге дейін;<br>2) Мемлекеттік корпорацияның – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбіні және мереке күндерін қоспағанда басқа, дүйсенбіден сенбіге дейінгіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі асқа үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.<br>Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының тұрақты тіркелу орны бойынша жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады.<br>3) порталға – жөндеу жұмыстарының жүргізілуімен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталған соң, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде өтінішті қабылдау күні келесі жұмыс күні болып табылады).<br>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1) ҚР Қорғаныс министрлігінің www.mod.gov.kz; интернет-ресурсында; 2) www.gov4c.kz мемлекеттік корпорациясында; 3) www.egov.kz порталында орналастырылған. |
| | | 1. Мемлекеттік корпорацияға: 1) жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша дайындықтан өткен азаматтар үшін: запастағы офицер, сержант, сарбаз әскери билетін немесе оның телнұсқасын (әскери билет орнына уақытша куәлік) беруге өтініш; жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты ( сәйкестендіру үшін); білімі туралы құжаттың көшірмесі ; көлемі 30х40 мм екі фотосурет ( фотосуреттер өтініш иесінің жасына сәйкес болуға және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген, беті фотосуреттің жалпы ауданының шамамен 70%-ін алатындай жасалуға тиіс). Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті Мемлекеттік корпорация жұмыскері " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады; 2) офицерлер құрамы қатарынан әскери қызметтен запасқа шығарылғандар: запастағы офицер, сержант, сарбаз әскери билетін немесе оның телнұсқасын (әскери билет орнына уақытша куәлік) беруге өтініш; жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты ( сәйкестендіру үшін); білімі туралы құжаттың көшірмесі (бар болған кезде); |

| | | |
|---|---|---|
| | | көлемі 30х40 мм екі фотосурет ( фотосуреттер өтініш иесінің жасына сәйкес болуға және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген, беті фотосуреттің жалпы ауданының шамамен 70%-ін алатындай жасалуға тиіс).<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметті Мемлекеттік корпорация жұмыскері " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады;<br>3) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар:<br>запастағы офицер, сержант, сарбаз әскери билетін немесе оның телнұсқасын (әскери билет орнына уақытша куәлік) беруге өтініш;<br>жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты ( сәйкестендіру үшін);<br>қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен босатылғаны туралы анықтаманың көшірмесі;<br>білімі туралы құжаттың көшірмесі (бар болған кезде);<br>көлемі 30х40 мм екі фотосурет ( фотосуреттер өтініш иесінің жасына сәйкес болуға және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген, беті фотосуреттің жалпы ауданының шамамен 70%-ін алатындай жасалуға тиіс).<br>Егер сотталғанға дейін әскерге шақырылушылар есебінде тұрса, аудандық (қалалық) әскерге шақыру комиссиясының хаттамалары кітабынан не есептік-әліпбилік кітаптан үзінді ( көрсетілетін қызметті беруші қоса береді).<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын, некеге тұру туралы құжаттар туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорация жұмыскері " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 4) басқа мемлекеттерден Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келгендер:<br>запастағы офицер, сержант, сарбаз әскери билетін немесе оның телнұсқасын (әскери билет орнына уақытша куәлік) беруге өтініш;<br>жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты (сәйкестендіру үшін);<br>әскери қызметке қатынасын растайтын құжат ("Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабына сәйкес мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аударманы жасаған аудармашының мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармашысының нотариалды куәландырылған қолының түпнұсқалылығы не нотариалды куәландырылған қолының түпнұсқалығы) (бар болған кезде);<br>білімі туралы құжаттың көшірмесі (бар болған кезде, мемлекеттік (орыс) тілге аударылған (түпнұсқасы салыстыру үшін);<br>көлемі 30х40 мм екі фотосурет (фотосуреттер өтініш иесінің жасына сәйкес болуға және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген, беті фотосуреттің жалпы ауданының шамамен 70%-ін алатындай жасалуға тиіс).<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті Мемлекеттік корпорация жұмыскері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады;<br>5) ескі үлгідегі әскери билетті жаңасына ауыстырған кезде:<br>запастағы офицер, сержант, сарбаз әскери билетін немесе оның телнұсқасын (әскери билет орнына уақытша куәлік) беруге өтініш;<br>жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты (сәйкестендіру үшін); |

| | | |
|---|---|---|
| | | әскери билеттің түпнұсқасы (ескі үлгідегі);<br>көлемі 30х40 мм екі фотосурет ( фотосуреттер өтініш иесінің жасына сәйкес болуға және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген, беті фотосуреттің жалпы ауданының шамамен 70%-ін алатындай жасалуға тиіс).<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті Мемлекеттік корпорация жұмыскері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады;<br>6) әскери билетті жоғалтқан кезде:<br>запастағы офицер, сержант, сарбаз әскери билетін немесе оның телнұсқасын (әскери билет орнына уақытша куәлік) беруге өтініш;<br>жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты ( сәйкестендіру үшін);<br>"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 649-бабында көзделген әскери есепке алу құжатын қасақана бүлдіргені немесе жоғалтқаны үшін әкімшілік жазаны қолдану туралы қаулының көшірмесі немесе бүлдіру немесе жоғалту фактісі көрсетілетін қызметті алушыға байланысты емес мән-жайларда болғанын растайтын уәкілетті мемлекеттік органнан анықтама (көрсетілетін қызметті алушы қоса береді );<br>көлемі 30х40 мм екі фотосурет ( фотосуреттер өтініш иесінің жасына сәйкес болуға және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген, беті фотосуреттің жалпы ауданының шамамен 70%-ін алатындай жасалуға тиіс).<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті Мемлекеттік корпорация жұмыскері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 7) әскери билет бүлінген кезде: запастағы офицер, сержант, сарбаз әскери билетін немесе оның телнұсқасын (әскери билет орнына уақытша куәлік) беруге өтініш; жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты ( сәйкестендіру үшін); әскери билеттің түпнұсқасы ( бүлінген); "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 649-бабында көзделген әскери есепке алу құжатын қасақана бүлдіргені немесе жоғалтқаны үшін әкімшілік жазаны қолдану туралы қаулының көшірмесі немесе бүлдіру немесе жоғалту фактісі көрсетілетін қызметті алушыға байланысты емес мән-жайларда болғанын растайтын уәкілетті мемлекеттік органнан анықтама (көрсетілетін қызметті алушы қоса береді ); көлемі 30х40 мм екі фотосурет ( фотосуреттер өтініш иесінің жасына сәйкес болуға және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген, беті фотосуреттің жалпы ауданының шамамен 70%-ін алатындай жасалуға тиіс). Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті Мемлекеттік корпорация жұмыскері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады; 8) тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен кезде: запастағы офицер, сержант, сарбаз әскери билетін немесе оның телнұсқасын (әскери билет орнына уақытша куәлік) беруге өтініш; жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты ( сәйкестендіру үшін); әскери билеттің түпнұсқасы; |

| | | |
|---|---|---|
| | | көлемі 30x40 мм екі фотосурет (фотосуреттер өтініш иесінің жасына сәйкес болуға және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген, беті фотосуреттің жалпы ауданының шамамен 70%-ін алатындай жасалуға тиіс).<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті Мемлекеттік корпорация жұмыскері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады;<br>9) офицерлер құрамының әскери атағы қалпына келтірілгендер:<br>запастағы офицер, сержант, сарбаз әскери билетін немесе оның телнұсқасын (әскери билет орнына уақытша куәлік) беруге өтініш;<br>жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты (сәйкестендіру үшін);<br>әскери атағын қалпына келтіргені туралы сот қаулысының көшірмесі;<br>көлемі 30x40 мм екі фотосурет (фотосуреттер өтініш иесінің жасына сәйкес болуға және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген, беті фотосуреттің жалпы ауданының шамамен 70%-ін алатындай жасалуға тиіс).<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті Мемлекеттік корпорация жұмыскері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады;<br>10) денсаулық жағдайы бойынша әскери есепке берілуге жататын 27 жасқа толмаған әскери міндеттілер:<br>запастағы офицер, сержант, сарбаз әскери билетін немесе оның телнұсқасын (әскери билет орнына уақытша куәлік) беруге өтініш;<br>жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервисінен алынған |

| | | |
|---|---|---|
| | | электрондық құжаты (сәйкестендіру үшін);<br>білімі туралы құжаттың көшірмесі (бар болған кезде);<br>көлемі 30x40 мм екі фотосурет (фотосуреттер өтініш иесінің жасына сәйкес болуға және қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген, беті фотосуреттің жалпы ауданының шамамен 70%-ін алатындай жасалуға тиіс).<br>Аудандық (қалалық) әскерге шақыру комиссиясының бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды немесе бейбіт уақытта әскерге шақыру бойынша әскери қызметке шақырылудан босатылған деп тану туралы хаттамалары кітабынан үзінді (көрсетілетін қызметті беруші қоса береді).<br>Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) әскерге шақыру комиссиясының бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды немесе бейбіт уақытта әскерге шақыру бойынша әскери қызметке шақырылудан босатылған деп тану туралы шешімінен үзінді (көрсетілетін қызметті беруші қоса береді).<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті Мемлекеттік корпорация жұмыскері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады;<br>11) әскерге шақыру кейінге қалдырылуына (босатылуына) байланысты әскери қызмет өткермеген 27 жасқа толғандар:<br>жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты (сәйкестендіру үшін);<br>білімі туралы құжаттың көшірмесі (бар болған кезде);<br>көлемі 30x40 мм екі фотосурет (фотосуреттер өтініш иесінің жасына сәйкес болуға және қатаң |

| | | |
|---|---|---|
